

«Бекітемін»  
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК «  
меңгерушісі А.М.Жалекетова



Қаралды:   
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
әдіскері Ж.Ж.Сағизбаева

«Балапан» және «Ақгүл» орта тобына арналған  
музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттің  
перспективалық жұмыс жоспары

2024-2025 оқу жылы

**2024 - 2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ «БАЛАПАН» ЖӘНЕ «АҚГҮЛ» ОРТА ТОБЫНА АРНАЛҒАН МУЗЫКА ҮІӨ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ.**

<b>Қыркүйек айы. 2024 ж</b>			
<b>Міндеті</b>	Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балғашық, сылдырмақ, барабан, металлофон және т.б.) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.		
<b>Тақырыбы</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Сағат</b>
<b>Менің балабақшам</b>	Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру.		<b>1</b>
<b>Мен әдепті баламын</b>	Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Балалар татулық, достық деген сөздің мағынасын түсіндіреді. Балалар әннің не туралы екенін түсініп, көңілді айтуға тырысады.		<b>1</b>
<b>Ойыншықтар</b>	Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру.		<b>1</b>
<b>Қане,қызық ойын бар</b>	Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға дағдыландыру; шығарманыңкөңілді сипатына сәйкес сүйемелдеумен ән салуға үйрету; музыка ырғағына сай жұптаса би қимылдарын орындауға баулу, қуанышты көңіл күй,шаттық сезімін ояту.		<b>1</b>
<b>Қазан айы. 2024 ж</b>			
<b>Міндеті</b>	<b>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</b>		
<b>Тақырыбы</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Сағат</b>
<b>Менің жанұям</b>	Отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, жанұя сөзінің мағынасын түсіндіру. Отбасына, мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән арқылы жеткізу.		<b>1</b>
<b>Күзгі еңбек</b>	Күзгі адамдардың еңбегін түсіндіре отырып, музыка арқылы күзгі көріністі бейнелеу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау.		<b>1</b>
<b>Күзгі орман</b>	Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілетін дамыту. Әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерін қалыптастыру		<b>1</b>
<b>Күз байлығы</b>	Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге		<b>1</b>

	үйрету.		
<b>Қараша айы. 2024ж</b>			
<b>Міндеті</b>	<b>Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.</b>		
<b>Тақырыбы</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Сағат</b>
<b>Дәрумендер досымыз</b>	Дәруменнің адам денсаулығына маңыздылығын түсінеді, өз ойын жеткізе алады. Денсаулық, денсаулыққа қажетті жағдайлар,денсаулықты сақтау туралы түсінеді.		<b>1</b>
<b>Құстар дауысы</b>	Құстар тіршілігі туралы мағлұмат беру, қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Әнді көңілді ашық дауыспен таза орындауға үйрету Музыканы тыңдап, жуан-жіңшке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнгерлеп айтқыз		<b>1</b>
<b>Орманға саяхат</b>	Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Ән арқылы орманда тіршілік ететін аңдар туралы түсіндіру		<b>1</b>
<b>Бауырсақ немен кездесті?</b>	Көңілді сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; әуен сипатына үн қату және оның бөліктерінің өзгеруін байқай білуге дағдыландыру; әндерді аспаптың сүйемелдеуімен бірге орындай білуге үйрету; жануарлардың қимыл-қозғалысын би қимылдарында көрсете білу.		<b>1</b>
<b>Желтоқсан айы. 2024 ж</b>			
<b>Міндеті</b>	<b>Музыкалық шығармалардың сезімдік мазмұнын, сипатын ажыратуға үйрету: Нәзік, сабырлы, көңілді, көңілсіз әнді сезіне айтуға үйрету. Әннің не туралы айтылатынына түсінік беру. Музыканың шығармашылық іс-әрекетін қарапайым, дағдыларын меңгеру. Әннің сөзін толық айтуын қадағалау.</b>		
<b>Тақырыбы</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Сағ</b>
<b>Қыс қызығы</b>	Әуенсазына ілесе қыс көріністерін қыймыл – қозғалыспен бейнелей білуге баулу, әнді әсерлі етіп айтуға үйрету. .		<b>1</b>
<b>Менің Отаным</b>	Отан туралы, өз Отанының сүйе білу, қорғау, әнге қосу туралы түсіндіру. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау.		<b>1</b>
<b>Шырша жыры</b>	Қыс көріністерін суреттеп айта біледі. зырлайды сөздерін түсінеді. Би қимылдарын, әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағдыларын игереді.		<b>1</b>
<b>Айнала ақша қар</b>	Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырату. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Балаларға арналған ұрмалы музыкалық аспаптарда (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және топпен күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау.		<b>1</b>
<b>Қаңтар айы. 2025 ж</b>			
<b>Міндеті</b>	<b>Музыка тыңдау. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашықжарқын, көңілсіз, мұңды).</b>		

Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Сағат
Қыс өрнегі	Әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуды, әуенді тыңдап, әңгімелей біледі		1
Аңдар айтысы	Әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануарлардың қимыл-қозғалысын келтіре білед		1
Аққала	Көңілді сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау, әуен сипатына үнқату, оның бөліктерінің өзгеруін ажыратып, би қимылдарын орындау; дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға баулу; музыканы тыңдауға, ырғақты сезіне білуге үйрету.		1
Торғайлар	Балаларға құстардың іс-әрекеті туралы түсінік беру. Құстарға қамқорлық жасауға шақыру.		1

**Ақпан – 2025 жыл**

<b>Міндеті</b>	<b>Музыка тыңдау. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.</b>		
----------------	--	--	--

Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Сағат
Шынықсаң , шымыр боларсың	Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашықжарқын, көңілсіз) Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Музыкаға қосылып оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.		1
Поезд	Әннің не туралы айтылатына түсінік беру. Музыканың шығармашылық іс-әрекетін қарапайым, дағдыларын меңгеру. Әннің нақышына келтіріп айту. Әннің сөзін толық айтуын қадағалау.		1
Орманға саяхат. «Ормандағы кішкентай тұрғындар»	Музыканы есту қабілетін дамыту, ырғақты ажырата білуге үйрету. Баланың қызығушылығын ояту		1
Әже тілегі	Шығарманы тыңдап, сипаты мен мазмұнына эмоциялық көңіл күйтанытуға, музыкалық сүйемелдеумен әнді соза, әуенімен айтуға үйрету; жұптаса отырып би қимылдарын орындауға, ұрмалы-шулы аспаптардың дыбысталуын ажыратуға және атауға үйрету. Әжелерді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу		1

**Наурыз – 2025 жыл**

<b>Міндеті</b>	<b>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, домбырамен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын таныу және атау. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.</b>		
Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Сағат
Көктем әндері	Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білу. Көктемгі құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу.		1
Ана – өмір шырағы	Музыкалық шығармаларды салыстыруда талғампаздыққа баулу. Музыканың көмегі арқылы көңіл күйді сезініп, әңгімелей білуге, мимика түрінде көрсете алуға үйрету. Әртүрлі сипаттағы әуенді қимылмен көрсетуге, би қимылдарын есте сақтауға дағдыландыру. Музыкалық қабілеттерін, шығармашылықтарын дамытуды жалғастыру.		1

<b>Наурыз –жыл басы</b>	Ұлттықрәсім туралы қарапайым түсінік қалыптастырып, сыйластық сезімін тәрбиелеу		<b>1</b>
<b>Біздің ауыл тойы</b>	Дыбыс биіктігі мен тембрін ажыратуға дағдыландыру, күйді тыңдап, сезіне білуге баулу. Әуенге сай би қимылдарын ауытыра білуге үйре		<b>1</b>
<b>Сәуір -2025жыл</b>			
<b>Міндеті</b>	<b>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Билер: Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.</b>		
<b>Тақырыбы</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Сағат</b>
<b>Су табиғат байлығы</b>	Табиғаттағы судың пайдасын түсіндіру, әнді педагогпен бірге қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасау.		<b>1</b>
<b>Ғарыш әлеміне саяхат</b>	Шығармашылық қабілеттерін арттыру. Қимылмен түрлі сипаттағы әуендерді көрсету. Ән айту, есту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Классикалық музыкаға қызығушылығын арттыру, түсініп, әңгімелеуге дағдыландыру.		<b>1</b>
<b>Гүл көбелек</b>	Көбелек, көбелектердің гүлмен достығы туралы түсінік беру. Музыкалық сүйемелдеумен әнді хормен айтуға баулу; Қимыл қарқынын өзгерте отырып,ырғақты сезіне жеңіл билеуге үйрету.		<b>1</b>
<b>Менің сүйікті достарым</b>	Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, достық туралы түсіндіру. Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.		<b>1</b>
<b>Мамыр- 2025жыл</b>			
<b>Міндеті</b>	<b>Музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау</b>		
<b>Тақырыбы</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Сағат</b>
<b>Тату доспыз бәріміз</b>	Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.		<b>1</b>
<b>Қызыл жасыл, көк шарлар</b>	Көңілді сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауға, ересектермен бірге қосыла ән салуға үйрету. Жоғары және төмен дыбыстауды ажырата білуге, балаларды шулы аспаптар – бубен, сылдырмақтың дыбысталуы динамикасына ажыратуға үйрету.		<b>1</b>
<b>Менің музыкалық әлемім</b>	Музыкалық шығарманың сипатын ажыратып түсіндіру.		<b>1</b>
<b>Қошақаным</b>	Балалардың төрт түлік туралы білімдерін бекіте отырып тілдерін дамыту. Үй жануарлары мен төлдерін ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын айтқызып, оларға қамқор бола білуге баулу. Өз ұлтына, қоршаған ортаға деген көзқарасын кеңейту, өз ата дәстүрін сүйіп өсуге тәрбиелеу.		<b>1</b>
<b>Барлығы</b>		<b>36 сағат</b>	

